

Ақтөбе қаласының "Оңтүстік-Батыс-1", "Заречный-2" шағын аудандарындағы атаусыз көшелерге атау беру туралы

Бірлескен Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімиятының 2008 жылғы 17 маусымдағы № 1654 қаулысы және Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2008 жылғы 17 маусымдағы № 76 шешімі. Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 30 маусымда № 3-1-92 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 6 бабының 1 тармағының 4 тармақшасына, 31 бабының 2 тармағына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 Заңының 13 бабының 4 тармағына сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. "Оңтүстік-Батыс-1" шағын ауданының атаусыз көшелеріне Байсалбай Жолмырзаев, Жетес би есімдері берілсін.

2. "Заречный-2" шағын ауданының атаусыз көшесіне Алмат-Самырат есімі берілсін.

3. Шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе қаласының
әкімі
С.Нокин

Ақтөбе қалалық мәслихатының
сессия төрағасы
А.Айтжанов